

2023-2024 жылғы мектептің І оқу тоқсанындағы педагогикалық - психологиялық жұмыстардың есебі

Психологиялық қызметтің мақсаты:

Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық жәрдем көрсету;
- әрбір білім алушыға жеке психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде психодиагностикалық қызмет көрсету;
- психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айының алғашқы аптасында 1-11 сынып оқушыларының педагогикалық-психологиялық картасы және мектеп оқушыларының әлеуметтік отбасы картасын анықтау, сараптау жұмыстары жүргізілді

Қыркүйек айында оқушылардың ата – аналарына ата – ана келісім парағы онлайн түрде таратылып бірінші сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында Керн-Йерасек тесті жүргізілді. Әр сынып бойынша әдістеменің қорытындысы шығарылып, сынып жетекшілерге ұсыныстар берілді. Мектеп өміріне бейімділігі төмен бір оқушымен түзету-дамыту жұмыстарының жоспары жасалып, жоспар негізінде жұмыстар жүргізілді. Қазіргі таңда барлық оқушылар мектеп өміріне бейімделді.

Үлгі :

Құрметті ата-ана! /1-4 сынып/

2023-2024 оқу жылының басталуымен құттықтаймыз. Сіздің ұлыңыз /қызыңыз/ №264 мектеп-лицейде тәлім-тәрбие алуда. Сонымен қатар, сіздің ұлыңыз /қызыңыз/ білім алатын мектепте психологиялық қызмет жұмыс жасайды.

Психологиялық қызметтің мақсаты білім алушылардың психологиялық денсаулығын, хал-ахуалын, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасын реттеуге және сыныпқа, жалпы мектеп өміріне бейімделуіне ықпал жасайды.

Сол себепті, әр оқу жылының басында және оқу жылының өн бойында сіздің ұлыңыздан /қызыңыздан/ диагностикалық мақсатта кешенді тесттер немесе сауалнамалар алынады. Диагностикалық тесттер мен сауалнамалардың сіздің ұлыңыздың /қызыңыздың/ денсаулығына немесе жеке басына кері әсері жоқ. Оқушылармен психологиялық қызмет орталығының жұмыс жоспарын негізге ала отырып, тренингтер, топтық түзету-дамыту сабақтары, оқу процесіне кедергі келтіретін мәселелер болған жағдайда сынып жетекші сұранысы негізінде жеке түзету жұмыстары жүргізіледі.

Ұлыңыздың /қызыңыздың / заңды өкілі және жауапты тұлға ретінде, Сіздің келісіміңізді сұраймыз.

1. «Керн-Йерасек» тесті (Баланың мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау)
2. Танымдық процестерді анықтауға арналған диагностикалық әдістемелер жиынтығы
3. Проективті әдістемелер (сұранысқа қарай) / «Отбасы суреті», «Үй.Адам.Ағаш»,
4. Топпен жүргізілетін түзету-дамыту сабақтары
5. Сынып жетекші сұранысы бойынша жеке түзету-дамыту жұмыстары/қажет болған жағдайда/

Ата – ана келісім парағының қорытындысы :

1 – сынып оқушыларымен жүргізілген Керн – Йерасек тестінің электронды қорытындысы:

Мектепкегі оқуға дайындық деңгейін анықтау тесті

Ата- аналар назарына !

Диагностикалық жұмыстарды балаларға жүргізуге келісім бермеген ата - аналар тестті орындамауы ұсынылады.

Мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау тесті

Авторы: Керн-Йерасек

Мақсаты: Балалардың мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау


Бұл тест 3 тапсырмадан тұрады.

1. Суретте ер адамды белгіле
2. Дұрыс жазылған сөзді көрсет
3. Фигуралардың ішінде қызыл үшбұрышты белгіле




1. Суретте ер адамды белгіле

268 ответов




2. Дұрыс жазылған сөзді көрсет

268 ответов




3. Фигуралардың ішінде қызыл үшбұрышты белгіле


268 ответов



1 сыныптар



«1 – сынып ата – аналарына психологиялық қолдау» тақырыбында жүргізілген мектепшілік жиналыс
2023 жылдың 9 қыркүйек күні Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде «1 – сынып ата – аналарына психологиялық қолдау» тақырыбында мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.



Қазан айында бастауыш сыныптан орта буынға өткен 5 сынып оқушыларының психологиялық сүйемелдеу мақсатында сабақтарына қатысып **Менің сыныбым және Социометрия баланың орта буынға бейімделуін** анықтауға арналған әдістеме алынды. Бесінші сынып оқушыларымен арнайы бағдарлама бойынша тренинг сабақтар өткізілді, тренинг барысында эмоционалды жағымсыз позициядағы оқушылар бақылауға алынып, түзету жұмыстары жүргізілді.


№264 мектеп – лицейінде 5 – сыныптар арасында жүргізілген «Социометрия» әдістемесінің қорытындысы

Мақсаты: Орта буынға өту кезіндегі психологиялық қиындықтарын анықтау, сынып ұжымындағы психологиялық атмосфераны білу;



Қатысқаны: 308

Барысы : 5- сынып оқушыларынан бейімделу, орта буынға өту мақсатында жүргізілген әдістемеге 18 сынып қатысты. Оқушылар әдістеме алу барысында өздерін еркін ұстады және әр оқушы өзіндік ойымен жауап жазды. Барлық сыныпқа жеке сыныптық көрсеткіш нәтежиесі анықталды. Сынып арасында жеке немесе оқшау қалған оқушы болмады.

5 – сыныптар



«МЕНИҢ СЫНЫБЫМ» ӘДІСТЕМЕСІ



5 - сынып оқушыларының орта буынға өту,бейімделу кезеңінде қиыншылықтарын жеңу,қорқынышын анықтау,қабілеттерін дамыту және ой өрісінің дамуына ықпал жасау мақсатында жоспарда көрсетілген «Менің сыныбым» әдістемесі алынды.Әдістеме барысында оқушыларға қиыншылық тудырған сұрақтар болмады.Басым көпшілігі асықпай ,ойланып жауап берді . Түсінбеген сұрақтарына психолог тарапынана көмек көрсетілді . Оқушыларға әдістеме қызығушылық танытты (топта бір бірімен талқыға түсті , ойнады, әзілдеді). Барлығы көңілді отырды. Қиыншылық келтірген (отырмаймын ,жазғым келмейді, орындамаймын) оқушы болмады.Әдістеме нәтежиесі әр сыныпқа жеке – жеке қорытындыланып топта шет қалған және оқшау қалған оқушылармен жұмыс жасау сынып жекекшісіне ұсынылды.

Өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып,бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға,жеке қасиеттерін тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды

«Мен»концепциясын қалыптастыру мақсатында «Мен және менің ортам»тақырыбында 10-сынып оқушыларына психологиялық тренинг жүргізілді.



Осы қыркүйек айында оқушылардың сынып ұжымына бейімделуіне ықпал ету.Оқушылар бір-бірімен танысу үшін өзара әрекеттесуін ұйымдастыру және жаңадан келген оқушы жаңа ортаға бейімделу үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында «Мектептегі жаңа оқушы» тақырыбында 8-10сынып оқушыларына тренинг өткізілді.



Қазан айының басында 10-қазан Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай мазмұнды,адамгершілік құндылықтарға бағытталған «Сиқырлы әлем» психологиялық апталығы 8-11 сынып оқушыларына ұйымдастырылды.

Психология апталығы педагогтар мен оқушыларға айырықша көңіл –күй сыйлады.Апталық аясындағы шаралар достық,қарым-қатынас,махаббат,шыдамдылық,сыйластық,өзара қолдау, өзіне және басқаға деген тұлғалық қызығушылықты дамытуға бағытталды. Апталықтың алғашқы күні «Сиқырлы қобдиша»шарасы үзіліс кезінде жүргізілді, сиқырлы қорап жылы лебіз, әдемі тілекке және тәттілерге толы болды. Оқушылар мен ұстаздарға тосын сый көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Психологиялық апталық аясында «Жылы жүрек-жақсы тілек»тренингі және «Құпия дос»ойыны оқушыларға қуаныш сыйлап,тілекке толы хаттарын жолдады. Сонымен қатар «Сенің арманың»шарасы аясында өз армандарын жазды. Бұл ойында оқушыларды достық,бірлік,көпшілдікке баулыды. «Досқа тілек»шарасы аясында 7-10 сынып оқушылары қабырғадағы плакатқа достарына деген тілегін жазды.Осылайша берік достық иелері бір-біріне жылулық, шаттық сыйлады.

Қазан айында оқушылардың психикалық саулығын бағалау мақсатында 7-11 сынып оқушыларына «Дасс» шкаласы жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша барлық оқушы саны -4034 оқушы,сауалнамаға қатысқаны -2377 оқушы, ата-анасы қарсы -58 оқушы. Қазан айында жүргізілген «ДАСС»шкаласы бойынша қорытынды.



Педагог-психолог:

Р.Абдукаримова

З.Каракулова